

"Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау жөніндегі тұжырымдаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 қазандагы № 1027 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау жөніндегі тұжырымдаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

C. Ахметов

Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау жөніндегі тұжырымдаманы бекіту туралы

Республиканың құрылыш саласын дамыту, құрылыштың орнықты жоғары мәдениетін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау жөніндегі тұжырымдама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2 0 1 3 жылғы

№

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау жөніндегі тұжырымдама Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалауды пайымдау 1. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Қазіргі уақытта құрылыш саласындағы заңнама «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы», «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарынан, сәулет, қала құрылышы және құрылыш

саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесінен және басқа нормативтік
құқықтық актілерден тұрады.

Құрылыс қызметінің негізгі түпкілікті өнімдерінің – ғимараттар мен басқа да
салынған құрылыштардың қауіпсіздігі құрылыс саласындағы техникалық реттеу жүйесі
арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл геологиялық, табиғи-климаттық, технологиялық және
пайдалану ортасының бірегей жағдайларында жердің нақты учаскесін кейіннен
пайдалану үшін құрылыс қызметіне қатысушылардың ұжымдық және келісіп құш сала
отырып шығаратын күрделі, көпқұрауышты бірегей өнімдері болып табылатын
ғимараттар мен құрылыштардың сипаттамасымен негізделген.

2. Отken ғасырдың 90-жылдарында құрылыс нормалары мен қағидаларының үлкен
бөлігін өндөу жүзеге асырылған болатын. 2004 жылы күшіне енген «Техникалық реттеу
туралы» Қазақстан Республикасының Заңы елдің нормативтік базасын қайта
құрылымдау және саудадағы, соның ішінде құрылыс саласындағы кедергілерді жою
мақсатында

әзірленді.

Бірақ күтілген нәтижеге бірқатар объективтік себептерге байланысты қол
жеткізілген жок:

1) Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» және «Қазақстан
Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыс қызметі туралы»
Зандарындағы өнімдер мен процестерді қамтамасыз ететін құқықтық реттеудің сәйкес
келмеуі салдарынан. «Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және
құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңындағы нормативтердің (нормалар,
ережелер, стандарттар және басқалар) міндетті сақталу мәртебесі бар.
Сонымен қатар, «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
техникалық регламенттерден басқа стандарттар мен өзге де нормативтердің ерікті
мәртебесін

белгіледі;

2) құрылыс саласын дамыту бойынша нарықтық қатынастар талаптары
позициясының және әлемдік техникалық деңгейдегі жетістіктердің құрылымы және
мазмұны бойынша құрылыс саласының ескірген нормативтік-техникалық базасы қайта
қаралмаған.

3. 2009 жылы техникалық реттеудің шетелдік тәжірибесін, соның ішінде бірқатар
экономикалық дамыған елдердің (Австралия, Ұлыбритания, Еуропалық Одақ елдерінің,
Канада, Жаңа Зеландия, АҚШ, Жапония) құрылыс саласының нормативтік базасын,
сондай-ақ Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы және Украинаның тәжірибесін
зерттеу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді.

Талдау техникалық нормалаудың Еуропалық жүйесі бойынша ғимараттар мен
құрылыштардың тіреуіш конструкцияларын жобалаудың бірыңғай әдістемесі және
төзімділік пен ұнемділік аспектілерін ескере отырып, өрт болған жағдайда тетіктік
беріктік, тұрақтылық және қауіпсіздік бөлігіндегі екі талапқа сәйкес келуін растайтын
дәлелдеу тәсілі ретінде Еурокодтарды қолдану және пайдалану көзделетінін көрсетті.

4. Кеден одағы шеңберінде 2010 жылғы 18 қарашадағы «Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында техникалық реттеудің бірынғай қағидаттары мен ережелері туралы» келісім бойынша «Ғимараттар мен құрылыштардың, құрылымдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламент жобасы әзірленді. № 305 Еуропалық Регламентке үксас талаптарды сақтауды үйғарылған әдістен нормалаудың параметрлік әдісіне өтуге бағытталған мемлекетаралық нормативтік құжаттар және стандарттар жүйесін құру жолымен қамтамасыз ету көзделген.

5. Әлемнің әр түрлі өнірлеріндегі елдер сауда-экономикалық қатынастарға кіру және капиталды, енбек ресурстарын, өнімдерді және қызметтерді кедергісіз ауыстыру және пайдалану үшін техникалық реттеудің ұлттық жүйелерін үйлестіріп отыр. Ғимараттар мен құрылыштардың конструкцияларын жобалау бойынша есептердің бірынғай қағидаттарының құрылышқа (кейіннен 305/2011 регламентін қабылдай отырып, 89/106 Еуропалық директивасы) қойылатын бірынғай базалық талаптарын белгілеу бойынша Еуропалық одақтың бағдарламасы айрықша ауқымды болып табылады (еурокодтар). Еурокодтар құрылымдары мен бұйымдарына (CEN) арналған еуропалық үйлестірілген стандарттар жиынтығында қолданылады.

6. ТМД елдері (Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина) техникалық реттеудің еуропалық жүйесін енгізу дің түрлі кезеңдерінде тұр.

Сонымен қатар, ТМД және Бірынғай экономикалық қеңістіктегі (БЭК) интеграциялық процестер келісу саясатын жүргізу және техникалық реттеудің бірынғай қағидаттарын белгілеу қажеттілігін туғызды. ЕО қатысушы елдерінің мысалы бойынша мемлекетаралық келісімдерді орындау үшін «Ғимараттар мен құрылыштардың, құрылымдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің жобасы әзірленді. Техникалық регламент талаптарын орындау мақсатында қолданылатын мемлекетаралық нормативтік құжаттар тізімі ЕО және ДСҰ интеграциялануды ескере отырып, КО қатысушы елдердің ұлттық нормативтік құжаттарын үйлестіру негізінде қалыптасады.

Тұастай алғанда, кеден одағы, ЕурАЗЭҚ және ТМД бойынша құрылыштағы техникалық реттеудің бірынғай тәсілдері мен қағидаттарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы құрылымдарының техникалық реттеу жүйесін реформалау Кеден одағы, ЕурАЗЭҚ және ТМД бойынша Еуропалық әдістермен (еурокодтар) және мемлекетаралық нормативтік құжаттармен үйлестірілген құрылымдарының жаңа нормативтік базасын құру жолымен жүзеге асырылуы қажет, ол параметрлік нормалауды өнгізу дең тұрады.

7. Бұрыннан бар нормалау жүйесі нормалаудың үйғарылған әдісіне – бекітілген құрылымдары мен ережелеріне (ҚНЖЕ), стандарттарға (МЕМСТ) сәйкес объектілерді жобалау және салу талаптарын қатаң сақтауға негізделген, бұл басқа (

балама) нұсқаларды қолдануға жол бермейді, инновациялық (жана) жобалау шешімдерін тартуға кедергі болады. Бұл шетелдік және отандық инвестицияларды тартуды және құрылым саласындағы ғылыми-техникалық әзірлемелер мен шешімдерді т е ж е й д і .

8. Еуропалық елдерде ғимараттар мен құрылыштарды пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын ғана қатаң сақтауға бағытталған нормалаудың параметрлік әдісі қолданылады, ал басқа параметрлер құрылым процесіне қатысушы субъектілердің шешімі бойынша қаралады.

Осыған байланысты, нормалаудың параметрлік әдісі құрылыш саласындағы техникалық регламенттің параметрлік талаптарын сақтау әдістеріне негізделген құрылыш шешімдерін таңдауға рұқсат береді.

Осылайша, жоғарыда аталған материалдарды талдау нәтижелері бойынша:

1) экономикасы дамыған елдердің және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің, ЕурАЗЭҚ және ТМД мүшелерінің техникалық реттеу жүйелеріне тән жалпы қағидаттар мен тәсілдер айқындалды;

2) Қазақстанның құрылымы саласының қолданыстағы техникалық реттеу жүйесін Еуропалық одақтың экономикасы дамыған елдерінің, сондай-ақ Кеден одағының, ЕурАЗЭҚ және ТМД қатысушы мемлекеттердің үқсас жүйелерімен салыстырғанда түбөгейлі айырмашылықтар анықталды;

3) ұйғарылған әдістен экономикасы дамыған елдерде, соның ішінде нормалаудың европалық жүйесінде қабылданған қазіргі параметрлік әдіске кезең-кезеңімен өтуді жүзеге асыру үсініліп отыр.

Бұл ретте Қазақстан Республикасындағы нормалаудың қолданыстағы қатаң үйғарылған әдісінің европа елдерінде және әлемнің көптеген басқа елдерінде қабылданған икемді параметрлік әдіске сәйкес келмеуі орын алады.

Осыған байланысты, Қазақстанда 2010 жылы «Ғимараттар мен құрылыштардың, құрылымдары мен бүйімдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті, еурокодтарға ұқсас құрылым нормалары (КР ҚН ЕН) әзірленді және бекітілді, оларға ұлттық қосымшаларды қалыптастыру аяқталып келеді. Құрылым материалдары мен бүйімдарына стандарттарды үйлестіру (КР ҚН ЕН) және параметрлік нормалау қағидаттарының негізінде ғимараттар мен құрылыштар және инженерлік жүйелер бойынша нормативтерді әзірлеу жүзеге асырылады.

9. Қазақстанның тұрақты экономикалық өсүі құрылыш өндірісі көлемінің артуына, тікелей шетелдік инвестициялар түсімінің артуына ықпал етті. Шетелдік жобалау құжаттамасын пайдалана отырып әзірленген объектілердің құрылышы олардың бейімделуі арқылы және нормативтік құжаттарда айырмашылықтар болғандықтан арнайы техникалық шарттарды (АТШ) әзірлеу арқылы жүзеге асырылды.

Алайда, қолданыстағы ҚНЖЕ қалай және неден салу қажеттігіне нақты нұсқау береді, бұл нұсқаулар қандай мақсатты көздейтіні және нәтижесінде обьект қалай

жұмыс істейтіні түсіндірлмейді. Жобалауши, құрылышы, инспектор ҚНЖЕ нұсқауларын мүлтіксіз орындауға міндетті. Егер ҚНЖЕ жылдар бойы немесе он жылдан жаңартылмаса, нормаларда инновациялар мен жаңа материалдарды енгізуге кедергі болатын ұйғарылған құрылыш шешімдері консервацияланады.

10. Құрылыш материалдары мен бұйымдарының отандық стандарттарының үйлестірілу қарқынының төмендігі қаржыландырудың жетіспеуіне негізделген.

Отандық құрылыш ғылыми – инновация мен нормативтерді жетілдіру үшін платформа ретінде республикадағы ғылымды жалпы қаржыландырудың 0,01% (50 млн. теңге) қалдықты қағидаты бойынша қаржыландырылады, бұл елдің ЖІӨ құрылыш үлесін қарама-қарсы қояды (10 %-ға дейін). Адамның тұру ортасы мен тіршілік етуінің жасанды ортасын қалыптастыру мен ұстау мемлекеттің маңызды басымдығы болып табылатынына қарамастан, дей тұрғанмен жоғары ғылыми-техникалық комиссияларда және ұлттық ғылыми кеңестерде саланың ғалымдары жоқ. Бұл салалық бағдарламалар мен жобаларды бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру бойынша өтінімдерді қорғауды қыыннатады, тәжірибе көрсеткендей бұл процесті болашағы жоқ

с и я қ т ы

е т і п

к ө р с е т е д і .

11. Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі интеграцияланған процестерді нығайту нәтижесінде құрылыш нарығында өнірлік бәсекелестіктің өсуіне жергілікті өндірушілердің әлсіз дайындығы. Бұл келешекте импорттың өзінің артықшылығын сақтап қалатын инновациялық өнім туралы айтпағанда, дәстүрлі жергілікті құрылыш өнімін де қозғайды. Осы жаһандық сынақтарға қарсы тұру үшін тиімді қорғау тетіктері ә з і р л е н б е г е н .

12. Құрылыш индустріясында үйлестірілген стандарттарды енгізу бойынша жүйелі шараларға тиісті назар аударылмайды, себебі әкімшілік кедергілер объектілер құрылышының мерзімдерін арттырады және саланың инвестициялық тартымдылығын т ө м е н д е т е д і .

Құрылыш сапасын жақсарту бойынша жеке міндеттерді шешуден қауіпсіз және сапалы материалдық ресурстардың және білікті адами ресурстардың қол жетімділігін, жұмысқа қабілетті және тиімді техникалық реттеу жүйелерін құруды білдіретін құрылыш мәдениетін үздіксіз арттыру үшін қолайлар жасау жөніндегі жүйелі шараларға т о л ы ғ ы м е н ө т у қ а ж е т .

Осылайша, техникалық реттеу жүйесінің және экономикасы дамыған елдердің құрылыш саласындағы нормативтік база тәжірибесін талдау отандық жүйенің барынша артта қалғанын және қайта құру қажеттілігін көрсетті, онсыз Қазақстанның әлемнің экономикалық жүйесіне ықпалдасуы проблемалы болып табылады.

2. Түйінді проблемалар

13. Ағымдағы жағдайды талдау нәтижелері бойынша мынадай түйінді проблемалар айқындалды:

1) нарықтық экономиканың жаңа жағдайларында, соның ішінде Кеден одағы, ЕурАЗЭҚ шенберінде құрылыш саласының нормативтік-техникалық базасын дамыту үшін қолданыстағы заңнамалық негіздің жетілмегендігі;

2) алдыңғы қатарлы шетелдік, оның ішінде европалық елдердің озық нормалау жүйелеріне сәйкес келмейтін нормалаудың стандарттаудың және сәйкестікті бағалаудың ескірген әдістерінің қолданылуы;

3) Қазақстан Республикасындағы нормалаудың қолданыстағы қатаң ұйғарылған әдісінің европа елдерінде және әлемнің көптеген басқа елдерінде қабылданған икемді параметрлік әдіске сәйкес келмеуі;

4) қолданбалы құрылыш ғылыми, инновацияларды дамытуда ынталандыру және қолдау көрсету және құрылыш өндірісіндегі жаңа технологиялар мен техниканы енгізу болған жоқ, құрылыштағы нормалар мен стандарттарды әзірлеу процестерінде ғылыми қолдаудың жетіспеушілігі;

5) құрылыш индустриясының отандық кәсіпорындарының және құрылыш материалдары, бұйымдары өндірісінің кейін қалған және энергияны көп қажет ететін технологиялары әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жоғары сапалы құрылыш өнімін өндіру үшін мүмкіндік бермейді;

6) құрылыш материалдары мен бұйымдарының отандық стандарттарының төменгі үйлесу қарқыны қаржыландырудың жетіспеушілігіне негізделеді;

7) халықаралық стандарттардың талаптарын енгізуге жәрдемдесу үшін қажет жаңа нормативтерді әзірлеу процесінде ведомствоаралық үйлестірудің жетіспеушілігі;

8) техникалық ЖОО білім беру бағдарламаларында құрылыштағы нормативтік база және техникалық реттеу бойынша пәндерге жеткіліксіз назар аударылады.

3. Құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау жөніндегі тұжырымдаманың қажеттілігін негіздеу

14. Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасы жүйесін реформалау жөніндегі тұжырымдама Кеден одағы, ЕурАЗЭҚ және ТМД елдері, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда үйіміна (бұдан әрі – ДСҰ) кіру бойынша мемлекеттік саясат шенберіндегі ықпалдастық процестерін ескере отырып, Қазақстанның экономикасын европалық және әлемдік қауымдастық ықпалдастыру мақсатында әзірленді.

Қазақстанның экономикасы дамыған әлем елдерінің тәжірибесі мен жүйелерін және процестерді үйлестіруі, ДСҰ-ға кіруі және Кеден одағын құруы арқылы әлемдік экономикалық жүйеге ықпалдасуға ұмтылуы тұрақты даму және әлемдік экономикаға ықпалдасу қағидаттарының негізінде елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды

есепке ала отырып, экономика саласының қайта құрылу және қайта бағдарлау
қа ж е т т іл і г i н т у ы н д а т т ы .

15. Осы тұжырымдаманы қабылдаудың негізdemесі ел мұддесін қорғауға бағытталған құрылys заңнамасы, құқықтық және техникалық нормалау, стандарттау, сертификаттау, сәйкестікті бағалау, мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы саясатын жетілдіру, соның ішінде жылжымайтын мүлік объектілері қауіпсіздігінің және кәсіпорындардың экспорттық бағдарының жоғарғы сапасын қамтамасыз ету мақсатында құрылys саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігі болып табылады.

Сонымен қатар, құрылys саласы ірі және экономиканың тігінен және көлдененінен ықпалдасатын салаларының бірі болып табылады, осыған байланысты құрылys саласының нормативтік базасын реформалауды салааралыққа жатқызу қажет.

4. Реформалаудың жалпы параметрлері

16. Құрылys саласының нормативтік саласын реформалау тұжырымдамасы Қазақстан Республикасындағы саланың индустримальық саясатын қоса алғанда, реформалау мүмкіндіктері мен кезеңдерінің пайымын ұсынады.

Тұжырымдамада өнірлік және әлемдік интеграцияланатын процестерді ескере отырып, құрылys саласының нормативтік базасын реформалаудың негізгі мүмкіндіктері мен болжамды сценарийлері көрсетіледі.

Техникалық реттеу жүйесі Қазақстанда құрылystың жоғарғы мәдениетін құрудың, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың іргетасы ретінде қарастырылады.

17. Нормативтік база реформасы бойынша түйінді әрекет ету құрылys қызметіне қатысуышылардың және тұтынушылардың экономикалық және әлеуметтік мұдделерінің тұрақты балансына жету үшін тоғыстырылуы қажет.

Реттеу субъектілеріне ұсынынатын экономикалық және шығармашылық еркіндік деңгейі реттелетін субъектілердің барабар әлеуметтік сана сезімімен және кәсіби этика нормаларын сақтаумен бір уақытта нығаюы қажет.

18. Осы тұжырымдаманың негізінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, осы қағидаттарды іске асырудың әртүрлі нысандары кезінде техникалық реттеу қағидаттарын үйлестіру арқылы өнірлік және әлемдік әлеуметтік жүйеге Қазақстанның құрылys саласын терең ықпалдастыру жатыр.

Мемлекеттік билік органдары мен жеке сектор мамандарының тығыз ынтымақтастығына, кәсіби мұдделердің және құрылys қызметі өнімдерін тұтынушылардың мұдделерін білдіретін барлық мұдделі мемлекеттік органдар мен жеке сектор үйымдарының тікелей қатысуына ерекше назар аудару қажет.

FIDIC (инженер-консультанттардың халықаралық федерациясы) құжаттарының үлгісіндегі келісімшарттар нысаны мен халықаралық стандарттарды пайдалану

Құрылыштың техникалық реттеу жүйесінің жетістікке жету жолы тұжырымдаманы іске асыру құралдары арқылы, соның ішінде құрылыштың сметалық құнының қымбаттауына жол бермейтін нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу арқылы жүргізілетін б о л а д ы .

Құрылыш саласының нормативтік базасын реформалау тұжырымдамасының мақсаттары м е н м інд ет т е р і

19. Тұжырымдаманың мақсаты еліміздің құрылыш саласындағы нормативтік құқықтық базасын европалық және әлемдік стандарттармен үйлестіру және жетілдіру арқылы еліміздің экономикалық әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып т а б ы л а д ы .

20. Тұжырымдаманың м інд ет т е р і :

1) нарықтық экономиканың жаңа жағдайларындағы, соның ішінде Кеден одағы, ЕурАЗЭҚ шеңберінде құрылыш саласын дамыту үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық негізін жетілдіру және алдыңғы қатарлы шетелдік, соның ішінде европалық елдердің озық нормалау жүйелеріне сәйкес келмейтін нормалаудың, стандарттаудың және сәйкестікті бағалаудың ескірген әдістерін жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы нормалаудың қолданыстағы қатаң ұйғарылған әдісінен европа елдерінде және әлемнің көптеген басқа елдерінде қабылданған икемді параметрлік ә д і ск е

2) қолданбалы құрылыш ғылыми, инновацияларды дамытуда ынталандыру және қолдау көрсету және құрылыш өндірісіндегі жаңа технологиялар мен техниканы енгізу, құрылыштағы нормалар мен стандарттарды әзірлеу процестеріне ғылыми қолдау к ө р с е т у ;

3) құрылыш индустриясының отандық кәсіпорындарының технологиясын және құрылыш материалдарын, бұйымдарды өндіруді жетілдіру;

4) тетік беріктігі, өрт қауіпсіздігі, денсаулық (адам және жануар) және қоршаған орта қауіпсіздігі, шудан қорғау, энергияны үнемдеу және жылуды сақтау, сондай-ақ европалық нормалау әдістері бар (Еурокодтар) құрылыш материалдары мен бұйымдарының отандық стандарттары бойынша «Ғимараттар мен құрылыштардың және іргелес аумактардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің нормаларын үйлестіру.

5. Иске асыру кезеңдері және күтілетін нәтижелер

21. Бірінші кезең: дайындау (2013 - 2014 жылдар)

ҚР ҚН EN құрылыш нормаларының жиынтығын, құрылыш нормаларын және ғимараттар мен құрылыштарға арналған ережелер жинағын, инженерлік жүйелерді, құрылыш нормаларын сүйемелдейтін сілтеме стандарттарды үйлестіру және

еурокодтарға ұқсас ережелер жинағын, сондай-ақ Қазақстанның климаттық, геологиялық, табиғи-климаттық, сейсмологиялық және басқа ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға ұлттық қосымшаны өзірлеуді аяқтау жоспарланып отыр.

БЭК және КО рәсімдерінің дайын болуының байланысты Беларусь, Қазақстан Республикаларының және Ресей Федерациясының ұлттық нормативтік құжаттары негізінде құрылыштағы мемлекетаралық нормативтік құжаттарды қалыптастыру басталады.

Жобалаушылар мен құрылышшылардың тиісті кадрлық әлеуетін дайындау мақсатында жаңа оқу-білім беру бағдарламалары (нормативтер) және кәсіби стандарттар өзірленетін болады.

22. Екінші кезең: 2015 жылдан бастап техникалық реттеудің жаңа жүйесіне өту және техникалық реттеудің ескі және жаңа жүйелерінің 2020 жылға дейін «қатар әрекет ету

кеzeңi».

Қатар әрекет ету кезеңі – бұл Қазақстан Республикасының құрылыш саласының әрекет етуші кадрлары мен кәсіпорындарының әлеуетін пайдаланудың мәжбүрлі шарасы.

2015 – 2020 жылдары университеттер және салалық институттар Қазақстанның климаттық, геологиялық, табиғи-климаттық, сейсмологиялық және басқа ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, европалық нормалар мен стандарттарға бейімдеу, жаңа технологияларды, материалдарды, бұйымдарды және конструкцияларды игеру, құрылыш саласындағы инновацияларды өзірлеу бойынша ғылыми зерттеулер кешенін жүргізетін болады, сондай-ақ техникалық реттеудің жаңа жүйесін пайдалану бойынша студенттерді оқытуды бастайды.

«Қатар әрекет ету кезеңі» жаңа нормативтік базаны практикалық мақұлдау, соның ішінде оларды енгізу дің тұрақты және тиімді процесін құру, мамандардың кәсіби деңгейін үздіксіз арттыру, даярлау және қайта даярлауды қамтамасыз ету кіреді.

«Қатар әрекет ету кезеңінің» сонына қарай техникалық реттеудің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін барлық ұлттық қосымшалар қабылдануы қажет.

23. Үшінші кезең: жаңа нормативтік базаны түзету және қолдану тәжірибесін қорыту (2021 – 2025 жылдар). жылдар).

2021 – 2025 жылдары реформаның айқын нәтижелері алынып, жинақталатын болады.

24. Күтілетін нәтижелер:

1) құрылыштың жоғарғы мәдениеті және адамның өмір сүруі мен тіршілік етуіне қолаілы жасанды орта;

2) европалық және әлемдік экономикалық жүйеге отандық құрылыш саласын терең және тұрақты ықпалдастыру;

3) жобалаушыларды және құрылышшылардың құрылыш материалдары мен конструкцияларды өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

1) Еуропалық одақ елдерінің, Кеден одағы, БЭК мемлекеттерінің ұқсас жүйелерімен кемінде 90 % үйлестірілген құрылым саласының жаңа нормативтік-техникалық базасын құралу ;

2) 2015 жылмен салыстырғанда құрылым саласына шетелдік инвестицияларды тарту деңгейін 2020 жылға қарай 30 %-ға дейін арттыру;

3) 2020 жылға қарай инновациялық технология бойынша жұмыс істейтін құрылым индустриясы кәсіпорындарының үлесін арттыру.

Қазақстан Республикасы құрылым саласының нормативтік базасын реформалаудың негізгі қағидаттары және жалпы тәсілдері

1. Қазақстан Республикасы құрылым саласының нормативтік базасын реформалаудың қағидаттары.

26. Қазақстан Республикасы құрылым саласының нормативтік базасын реформалаудың негізгі қағидаты ұлттық ерекшеліктерді ескеріп, есептердің бірыңғай қағидаттарын қолдана отырып (еурокодтар), қатаң ұйғарылған әдістен еуропа елдерінде қабылданған икемді параметрлік әдіске өту болып табылады. Ұлттық нормативтер өнірлік және халықаралық нормативтердің ескіргендерін жаңарту немесе бейімдеу әдісімен әзірленеді.

- | | |
|----------------------|----------------------|
| 27 . Р е ф о р м а : | |
| 1) | құрылымдық ; |
| 2) | кешенді ; |
| 3) | салааралық ; |
| 4) | жүйелі ; |
| 5) | мақсатты ; |
| 6) | кезең - кезеңімен ; |
| 7) | қайтала маитын ; |
| 8) | ғылыми негізделген ; |

9) Қазақстан Республикасының барлық әкімшілік-аумақтық құрылымдарын қамтитын ауқымды болуы тиіс.

28. Құрылым саласының жүйесін реформалауды Қазақстан Республикасының құрылым саласының реформасын әр кезеңнің нәтижелерін тактикалық және стратегиялық мақсаттарына сәйкес бағалай отырып, кезең-кезеңімен жүргізу болжанып отырып .

Реформаның нормативтік құқықтық актілерде бекітілген тұрақты теориялық және әдіснамалық негізі болуы қажет.

Реформаның нәтижелері өлшенетін және берілген өлшемге сәйкес келуі сандық және/немесе сапалық бағалануы қажет. Өлшемдерге сәйкес келмейтін нәтижелер

белгіленген мерзімдерде түзетілуі қажет.

Реформаның тереңдігін, кеңдігін, ауқымдылығын және күрделілігін ескере отырып, ресурстарды жоспарлауды және жұмылдыруды қоса алғанда, реформаны дайындауға және іске асыруға мүқият дайындық жүргізу қажет.

2. Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалаудың жалпы тәсілдері

29. Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалаудың жалпы тәсілдері:

1) зерттеу, сынақ жүргізу, сондай-ақ ЕН стандарттарын түрлендіру жолымен индикативтік коэффициенттерді (ұлттық анықталатын параметрлерді) таңдау қажет болатын есептердің бірыңғай қағидаттарын енгізу;

2) Қазақстанның көрсеткіштері үшін тиімді Кеден одағы шеңберіндегі құрылыштың нормативтік құжаттарының мемлекетаралық жүйелерін енгізу. Бұл ретте сынау жабдығын ішінара ауыстыру, өндірісті ішінара жаңғырту қажет болады;

3) озық шетелдік тәжірибелі және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, құрылышты техникалық реттеудің (нормативтік база, бақылау және қадағалау жүйесі, сәйкестікті бағалау жүйесі) барлық жүйелі компоненттерін параметрлік үлгіге өткізу. Құрылыш нормалары (ҚН) функционалдық талаптарды және жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптардан, техникалық регламенттің базалық талаптарын дамытатын және нақтылайтын нормативтік талаптардан тұрады. Қағидалар жинағы (ЕҚЖ) – құрылыш шешімдерінің мақұлданған құралы ретінде көрінетін ерікті қолданылатын қолайлы шешімдер. Бұл ретте ҚН құрылымы оларды өзекті жағдайда ұстауды жеңілдетеді және арзандатады, себебі маңызы бар мағыналы мақсаттар мен функционалдығы іргелі болып табылады және жиі қарауды және өзгертуді қажет етпейді. Қағидалар жинағы құрылыш саласының жаңа жетістіктерін есепке ала отырып, уақытЫнда жаңартылатын болады;

4) Қазақстанның құрылыш нормалары адам денсаулығы мен қоршаған органды қорғау, адамдардың қауіпсіздігін қорғау бойынша ең тәменгі талаптардан тұруы қажет және кедергілер келтіретін басқа да мақсаттармен, сондай-ақ қолайлы шешімдердің әдісі шеңберінде құрылыш құнының артуымен ауыртпалық түсірмеуі қажет. Барлық инновациялық шешімдер, соның ішінде инженерлік жүйелер бойынша баламалы шешімдер әдісінің шеңберінде іске асырылуы мүмкін. Баламалы шешімдерді бағалау рәсімдері қолжетімді ашық және болжамды болуы қажет;

О л ү ш і н :

техникалық реттеу қағидаттарын іске асырудың түрлі нысандарын, соның ішінде нормалаудың европалық әдістеріне (еврокодтар) сәйкес келетін ғимараттар мен құрылыштарды, салу бойынша құрылыш заңнамасын сақтау құралдарын таңдау еркіндігін құрғу;

отандық ғылыми зерттеулер және инновация негізінде ұлттық нормативтердің

5) ЕО жалпы қабылданған ғимараттар мен құрылыстардың тіреуіш конструкцияларын жобалау қағидаттары есептерінің бірыңғай қағидаттарына өту – 10 еурокодтың 58 бөлігін аударуды, олардың ажырамас бөлігі болып табылатын ұлттық қосымшалардың және мынан астам сілтеме стандарттарды әзірлеуді қажет етеді. Ұлттық қосымшаларда Қазақстан аумағының табиғи-климаттық әсері және жергілікті құрылыш материалдарының индикативтік параметрлерінің құрамы басым. Жобалау үшін көрсетілген құжаттар жеткіліксіз, жобалаушылардың Еуронормалар негіздерін және оларды іске асыру бойынша практикалық ұсыныстарды игеруіне ықпал ететін нормативтік-техникалық нұсқаулар пакеті жасалып жатыр;

6) ғимараттар мен құрылыстардың энергия тиімділігін нормалаудағы Еуропалық одақ тәжірибесін енгізу (EPBD-2010 ғимараттарының энергиялық сипаттамасы бойынша Еуропалық директива (Energy Performance of Building Directive). Директива EN 40-тан астам стандарттарымен, соның ішінде ғимараттағы жалпы энергия тұтынуды сипаттайтын, жекелеген инженерлік жүйелер мен жалпы ғимараттың энергия тұтынуын есептеу әдістерін белгілейтін, ғимараттың жылтырылуы мен салқыннатылуына жүктемелерді, ғимараттың жұмыс істеу шарттарын таңдау ережелерін анықтайтын, ғимараттардың энергетикалық тиімділігін таңбалau мен сертификаттаудың мониторингі мен анықталуын қамтамасыз ететін стандарттарымен құатталаады.

Қолданыстағы құрылыштық нормативтік базаны ескере отырып, ұлттық стандарттарды үйлестіру «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың энергия тиімділігін сертификаттауды қамтамасыз ететін нормативтік әдістемелік қамтамасыз етуді құрады;

7) европалық нормалауды (еурокодтарды) есепке ала отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша «жасыл» және энергетикалық тиімді құрылыш нормативтік базасын құру: құрылыш қоқысын қайта бөлу, ғимараттар мен құрылыстарды жақсарту.

3. Қазақстан Республикасы құрылыш саласының нормативтік базасын реформалауды іске асыру қуралдары

30. Тұжырымдама елдің құрылыш саласындағы нормативтік құқықтық базасының қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құрылыш объектілерінің сапасын арттыруға негізделген европалық және әлемдік стандарттармен (еурокодтармен) үйлестірілген жаңа жүйесін құруды үйгадады.

31. Құрылыш саласының жаңа нормативтік базасында қолданылуы міндettі екі компонент айқындалған:

1) реттеу субъектілерінің барлығының орындалуы үшін міндettі нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардан тұратын құрылыш заңнамасы;

2) ерікті нормативтік-техникалық құжаттар – қағидалар жинағы, құрылымдар мен стандарттар.

32. Тұжырымдамадағы құрылымдың саласының нормативтік базасын реформалауды іске асыру күралдары Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірыңғай техникалық реттеу қағидаттары мен ережелері туралы келісімге сәйкес келеді.

«Ғимараттар мен құрылыштардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің жобасы № 305/2011 Еуропалық парламент регламентімен келісілген негізгі базалық талаптардан тұрады, ал құрылыс нормаларындағы міндетті қолдану – ғимараттар мен құрылыштардың қауіпсіздік сипаттамасының нақты талаптарынан тұрады. Ерікті қолдануға арналған қағидалар жинағында міндетті талаптарды орындауды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді шешу тәсілдері келтірілген. Ерікті қолдануға арналған стандарттарда өнімге қойылатын техникалық талаптар мен сынақ әдістері келтірілген.

33. Ұлттық нормативтік-техникалық құжаттар құрылыштағы мемлекетаралық нормативтік құжаттар жүйесімен келісіледі, бұл КО және БЭК-тегі жобалау мен салудың бірыңғай нормативтік базасын қалыптастыру мақсатында мүдделі мемлекеттермен бірге оны қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

34. Құрылыштағы нормативтік-техникалық жүйе мына бөлімдерді (топтарды):

- 1) ұйымдастыру құжаттарын;
2) сенімділік мен тетіктік қауіпсіздіктің негізгі ережелерін;

3) өрт қауіпсіздігін;

4) қолайсыз әсерлерден қорғауды;

5) жоспарлау және құрылыш салуды;

6) әр түрлі мақсаттағы ғимараттарды;

7) әр түрлі мақсаттағы құрылыштарды;

8) ғимараттар мен құрылыштардың ішкі инженерлік жүйесін; құрылыш конструкцияларын, ғимараттар мен құрылыштардың негіздерін, с т а р ы н ;

10) құрылыш материалдары мен бұйымдарын қамтиды.

35. Тұжырымдама «Кеден одағының техникалық регламентіндегі баға сәйкестігінің үлгілік сызбасын қолдану (растай) тәртібі туралы ережемен» келісілген құрылыштағы сәйкестікті бағалау жүйесін құруды көздейді.

36. Ғимараттар мен құрылыштардың сәйкестігін бағалау ұлттық заңнаманың және Кеден одағына мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес мына нысанарда жүргізілетін болады:

1) орындаушы инженерлік іздестірулер мен жобалау жұмыстары нәтижелерінің дүрыстығын және сәйкес келуін декларациялады;

2) объектілер құрылышының жобалау құжаттамасына мемлекеттік немесе мемлекеттік емес сараптама жасау;

3) құрылышта пайдалану үшін тапсырыс берушінің (құрылышшының) жобалау құжаттамасын бекіту;

4) қолданылатын құжаттаманы, материалдарды, бұйымдарды және қажетті сынақтарды қоспағанда, олар орындастын құрылыш және монтаждау жұмыстарын орындаушының құрылыштық бақылауы;

5) тапсырыс берушінің (құрылыш салушының) жасырын жұмыстар нәтижелерін бақылауы, сынақтан өткізуі және кезең-кезеңімен қабылдауы;

6) құрылышты жүзеге асыратын тұлғаның тапсырыс берушіге (құрылыш салушыға) құрылыш процесі мен орындалып жатқан құрылыш және монтаждау жұмыстарының сәйкестігін декларациялауы;

7) құрылышты авторлық қадағалау;

8) құрылышқа мемлекеттік бақылау;

9) тапсырыс берушінің (құрылышшының) объектіні қабылдауы;

10) объектінің және (немесе) оның бөліктерінің пайдалану барысындағы жай-күйін тексеру және диагностикалау;

11) пайдаланылуын мемлекеттік қадағалау және қайта жоспарлаулар мен конструкциялық өзгерістерді келісу;

12) объектінің жою бойынша мемлекеттік бақылау.

Құжаттаманы декларациялау, сараптау, бақылау және қадағалау қабылдау, бекіту және рұқсат беру бойынша жоғарыда аталған жұмыстарды орындау тәртібі ұлттық заңнамамен және Кеден одағына мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен бөлгінеді.

37. Жобалауда қайталап қолдануға арналған жобалау құжаттамасы мен бағдарламалық қуралдарды ерікті сертификаттау, құрылыш және монтаждау жұмыстарын ерікті сертификаттау көзделеді.

38. Құрылыш материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін бағалау келесі нысанадарда жүзеге асырылады:

1) өндірісті, материалдар мен бұйымдарды техникалық бақылау;

2) құрылыш материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін міндетті растау;

3) айналымдағы құрылыш материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін мемлекеттік қадағалау.

Құрылыш материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін міндетті растау мағлұмдау нысанында жүзеге асырылады. Құрылыш материалдары мен бұйымдарын ерікті сертификаттау көзделеді.

Құрылышта қолдану үшін жарамдылығын растау нысанында жаңа құрылыш материалдары мен бұйымдарының сәйкестіктері бағалануы тиіс.

39. Техникалық реттеу субъектілерінің сәйкестігін бағалау мамандарды,

зертханаларды және сертификаттау жөніндегі органдарды, білім беру бағдарламаларын лицензиялау мен сертификаттауды, құрылым өнімінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын сынақ зертханаларының жаңаларын құру және қолданыстағыларын техникалық жараптандыруды жетілдіру сияқты схемаларды көздейді.

Техникалық реттеу объектілері мен субъектілерінің сәйкестігін бағалау мемлекеттік және нарықтық тетіктерді үйлестіретін болады. Баламалы шешімдер әдісінің шеңберінде орындалған объектілер бағалау үшін бәсекелі ортаға беріледі.

Тұжырымдаманы іске асыру болжанатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Осы Тұжырымдаманы іске асыру:

1) Қазақстан Республикасы құрылым саласының нормативтік базасын реформалаудың кешенді жоспарын қабылдау жолымен;

2) м ы н а л а р :

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылым қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасының Техникалық регламенті және құрылым саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілері арқылы болжанады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК